

Авторлар: спецбп

14.12.2015 12:09 - Жанартылған 14.12.2015 12:20

Өткізілген уақыты: 9 желтоқсан, сағ 15-00.

Іс-шараның мақсаты: Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 30 қарашадағы Қазақстан халқына жолдауын кітапханашылар арасында талқыға салып, жолдаудың іске асуына атсалысу.

Тыңдалды: 30 қарашада Елбасының Қазақстан халқына кезекті дәстүрлі жолдауын жария етті. «Қазақстан жана жаһандық нақты ахуалда: осы, реформалар, даму» - жолдаудың аты аты айтып тұрғандай тек нақты іспен ғана айқындалуы керек.

9 желтоқсан күні облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған кітапхана қызметкерлері Елбасының жолдауына талдау жасады. Бұл іс-шараны М.Сапарбаев атындағы гуманитарлық институтының «Педагогика» кафедрасының ұстазы, саясаттанушы, тарихшы Райхан Түзелбайқызы Бейсекова лекция оқып, кемел болашаққа нақты 5 басымдылықтарға мағлұматтар беріп, қызметкерлер де өз пікірлерін ортаға салып, мағыналы ақпараттық сабақ өткізді. Тарихшы «НұрОтан» партиясының мүшесі екенін, Елбасының салихалы да сарабдал саясатын қолдайтынын айтып, әр азаматты өз елінің патриоты болуға шақырды.

Жарыс сөз: Кітапхана қызметкері, I топ көз мүгедегі, «НұрОтан» партиясының мүшесі Марат Қожахметов өз ойын ортаға салып, жолдауды қолдайтынын, Елбасының саясатының арқасында мүгедектерге үлкен жол ашылып, кәсіпкер болып, қызмет тізгіндерін ұстап отырғандығын айтып, ризашылығын білдірді.

Елбасының осындай әлемдік дағдарыс кезінде де өз халқының жағдайын жасап, қамын ойлап, бюджет және әлеуметтік сала қызметкерлерінің жалақысының осетінін, жәрдем ақы молшері көбейетінін айтты. Бұл дегеніміз Елбасы бізбен бірге екенін, ел жағдайынан хабардар екенін аңғартады. Ел бірлігін аса назарда ұстауды талап етті және Отан игілігі жолында бірлесіп, бірігіп жұмыс істеуді тапсырды.

Біз, кітапханашылар, Президентіміздің ұстанымын бірауыздан қолдап, жаһандық дағдарысты жеңіп шығып, «Мәңгілік ел» болуға атсалысып, еңбек етеміз. Бірлігіміз, тірлігіміз жарасқан елдігімізді, діни ұстанымымызды дұрыс дәріптеп, насихаттайық!

Авторлар: спецбiб

14.12.2015 12:09 - Жанартылған 14.12.2015 12:20

Кейінгі өскелен ұрпаққа ата-бабаларымыздан келе жатқан салт-дәстүр, мәдени мураларымызды көзiнiн карашығындай сақтауға, жалғастыруға үйретейiк!

Арнайы кiтапхана

директоры □ орынбасары: □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ □ Ләззат Сагынбекқызы Темірбаева



Авторлар: спецбп

14.12.2015 12:09 - Жанартылған 14.12.2015 12:20

